

## ІС-ШАРА

# «САНЖАР АСФЕНДИЯРОВТЫҢ МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ»

Шымкент қалалық қуғын-сүргін құрбандары музейінде қоғам қайраткері, дәрігер, ғалым Санжар Асфендияровтың туғанына 135 жыл толуына орай «Санжар Асфендияровтың мұрасы – ұрпаққа аманат» атты жиын өтті. Жиынға М.Әуезов атындағы ОҚУ доценті, т.ғ.к., саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы Шымкент қалалық жұмыс тобының жетекшісі Г.Жанысбекова, «Авиценна» медицина колледжінің оқытушылары мен студенттері қатысты.

Музей ұжымы халқы үшін аянбай қызмет етіп, елінің мүддесін өз өмірінен биік қоя білген азаматтардың өмірін өскелең ұрпаққа өнеге ету мақсатында дәстүрлі түрде іс-шаралар ұйымдастырып тұрады. Жиынды музей директоры М.Асқарова ашып, С.Асфендияровтың тарих ғылымына қосқан үлесіне тоқталып өтті. Қонақтар арнайы жасақталған көрмемен танысып, қайраткердің өмір жолын баяндайтын фильмді тамашалады. Іс-шараның модераторы, музей директорының орынбасары Г.Серікбай жастарға ғалымның шыққан тегі, өскен ортасы туралы мол мағлұмат берді.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссияның тікелей маны ретінде Г.Жанысбекова Мәскеу архивтеріндегі құпия құжаттарындағы құнды мәліметтермен бөлісті. Жиын ба-

рысында саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның жобалық офісінің басшысы С.Қасымовтың атынан комиссия жұмысына белсенді араласқаны үшін музей қызметкері Б.Әбдіқалиға алғыс хат табысталды. Ғалым жайлы тұщымды, берері мол баяндама дайындаған аға ғылыми қызметкер Б.Нұрқұловаға «Оңтүстіктегі жаппай саяси қуғын-сүргін: тауқыметті тағдырлар» атты ғылыми жинақты тарту етті.

**Б. НҰРҚҰЛОВА,**  
Шымкент қалалық  
саяси қуғын-сүргін  
құрбандары музейінің  
аға ғылыми қызметкері

**Г. ОМАР,**  
Шымкент қалалық  
саяси қуғын-сүргін  
құрбандары музейінің  
кіші ғылыми қызметкері